

**«Ислам туралы қысқаша мәлімет» сериясы  
13–БАСПА**

Аскар Сабдин

**Дінде шектен шығушылықтың қауіптілігі.**

Көркемдеуші дизайнер: Каленов Н.Н.  
Корректоры: Зуанова Қ.  
Баспаға дайындаған: Аминов В.И.  
Жауапты редактор: Артықбаев Ғ.Ж.

Баспаға 18.01.2013 ж. жіберілді.  
Таралымы 1000 дана.

«Фатима-принт» баспаханасында шығарылды.  
Ақтөбе қаласы, 312 атқыштар дивизиясы көшесі, 30<sup>а</sup>  
тел.: 8 (7132) 24-27-26, факс: 90-61-21  
e-mail: fatima\_print@mail.ru

**«Ислам туралы қысқаша мәлімет» сериясы  
13-БАСПА**

**ДІНДЕ ШЕКТЕН ШЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ**

Ақтөбе  
«Фатима-принт» баспаханасы  
2013 жыл

**Дінде шектен шығушылықтың қауіптілігі.**

А.САБДИН. - Ақтөбе, 2013. – 16 б.

**ЕСКЕРТУЛЕР**

**««Ансар» кеңес-реабилитациялық орталығының»  
тапсырысымен басылды.**

**Ақтөбе облысы діни істер департаментінің сараптама  
бөлімімен мақұлданды .**

Дінде шектен шығушылық – бұл бізден алдын өмір сүрген қауымдарды да қайран қалдырған ежелден келе жатқан өте қауіпті рухани індет. Дәл осы шектен шығушылық пен асыра сілтеушілік көптеген халықтың жойылып кетуіне себеп болған.

Бұл кітапшада дінде шектен шығушылық туралы қысқаша түсінік беріледі. Дінде шектен шығушылық және қанағатсыздықтың пайда болу себептері қарастырылады.

Дінде шектен шығушылық пен асыра сілтеушілікке қарсы тұрудың кейбір әдістері назарларыңызға ұсынылуда.

Кітапша барлық оқырман қауымға арналған.

**Дінде шектен шығушылықтың қауіптілігі- Ақтөбе,  
«Фатима-принт» баспаханасы 2013. – 16 б.**

Таралымы – 1000 дана

деп айтқанын баяндайды:

*«Шын мәнінде бұл өте жеңіл дін, бірақ кім де кім онымен күрессе, ол міндетті түрде оны жеңеді»* (Имам әл – Бұхари).

Дәл осы хадистің басқа риуаятында былай делінген: *«Шын мәнінде, бұл дін өте берік, ендеше оған өте жұмсақ тереңдеңдер, егер кім де кім өз жүгінің ауырлығын білмесе, ол көздеген жеріне жете алмай, жүкті тасушы көлігін өлтіріп алады!»*<sup>12</sup>.

Жоғарыда Құран және хадистерде айтылған сөздерде діндегі шектен шығушылыққа қатаң тыйым салынғанын көріп отырмыз, сондай-ақ олар діндегі асыра сілтеуден сақ болуға үндеуде. Себебі, олар адамның жойылуы мен тура жолдан адасуына себеп болады!

*Автор: теолог - Сабдин А.К., Ақтөбе қаласы*

---

<sup>12</sup> әл-Байһақи әш-Шууъба-4743

## Абайлаңыз!

### Дінде шектен шығу қауіпті!

Құрметті мұсылман бауырлар мен қарындастар, шын мәнінде, Ислам - шектен шығушылықтың емес, жеңілдік пен орта жолдың діні. Бұл Аллаһ және оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарға қалдырған мирасы, әрі тура жолы.

Ұлы Аллаһ өз кітабында былай дейді: **«Біз сіздерді орта жолды ұстанушы үмбет қылдық»** (2:143).

Дінде шектен шығушылық – бұл бізден алдын өмір сүрген қауымдарды да қайран қалдырған, ежелден келе жатқан өте қауіпті рухани індет. Дәл осы шектен шығушылық пен асыра сілтеушілік көптеген халықтың жойылып кетуіне себеп болған.

Осы тұрғыда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

**«Дінде асыра сілтеушіліктен сақтаныңдар, дәл осы діндегі асыра сілтеу сіздерден алдыңылардың жойылуына себеп болды!»** (Ахмед, Ибн Мәжә).

Имам Ибн әл-Асир **«Дінде асыра сілтеушіліктен сақтаныңдар»**, – деген хадисті былай ашықтап жазады: «Олар мынадай мағынаны береді: оның шекарасы шектен шығушылық және қылмыс. Бұл тағы бір мынандай хадисте көрініс табады: **«Шын мәнінде, бұл дін өте берік, ендеше оған өте жұмсақ тереңдеңдер!»**<sup>2</sup>.

---

Ахмед-1/215, ән-Нәсәи-3059, Ибн Мәжә-3029, әл-Хақим-1/466, Хадистің сахихтығын мақұлдаған әл-Хақим, Ибн Хузайма, әз-Заһаби, ән-Науауи т.б.

<sup>2</sup>Ахмед 3/199.

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы бір хадисінде:

**«Шын мәнінде, Құранды жатқа біліп және оған байланысты қателіктер мен асыра сілтеуге жол бермегендерді құрметтеу, Ұлы Аллаһты құрметтеу болып табылады»<sup>3</sup>.**

Шындығында, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны, оның бойына жүктелген қадір-қасиеттер мен ұстанымдары арқылы кез-келген істе, әрқилы жағдайларда өзін байсалды ұстай білу үшін айтты. Және ең жақсы іс-ол орта жолда болу!»<sup>4</sup>.

Ұлы Аллаһ бұрынғы өткен қауымның шектен шығып, адасушылықтарын суреттей отырып, былай дейді:

**«Айтыңыз! Ей, кітап иелері, діндерінде тура болмаған жаққа шектен шықпаңдар және Ислам келуінен алдын жолдан шыққан және көпшілікті жолдан тайдырған және Тура жолдан шығып кеткен қауымның нәпсі ойларына ермендер!» (5:77).**

**«Ей кітап иелері! діндерінде артық кетпендер, Аллаһтың атынан болса тек шын сөзді сөйлендер!» (4:171).**

Адамзатты алдап-арбауға және адастыруға арналған шайтанның екі жолы бар. Ол өзінің бірінші жолына, діндерінде немқұрайлық танытып, күнәға бет бұрғандарды итермелесе, ал екінші жолына Аллаһқа бет бұрған пенделерді, оларға дінде асыра сілтеу мен шектен шығу секілді қате түсініктерді көркем етіп танытып қояды. Әрине, сол арқылы оларды да тура жолдан адастырып, ақырында жойып жібереді<sup>5</sup>.

<sup>3</sup>Әбу-Дәуіт-4843

<sup>4</sup>Ән-Нихая-3/382

<sup>5</sup>Қараңыз. Мадаридж әс-Салихин-2/496

азаматтардың көзқарастарын өзгертуге арналған білімді мамандарды жұмылдыра отырып, негізгі әдебиеттерді құрастыру.

- Ғаламтор арқылы тасымалданатын иесіз ақпараттар мен роликтерден өскелең ұрпақты қорғау.

- Аймақтағы барлық мешіттер мен медреселерде, орта және жоғарғы оқу орындарында діндегі шектен шығушылық пен оның қауіпті салдары туралы конференциялар, дөңгелек үстелдер мен дәрістерді тұрақты түрде жүргізу.

- Жалпы мұсылмандар діндегі барлық шектен шығушылықтан сақтанғаны абзал. Өйткені, ол өте қауіпті, әрі адамды аздырып жібереді.

Мына аятта айтылған қауымнан болып қалмаудан Аллаһ өзі сақтасын:

**«Айт: «Сендерге істеген іс-амалдарынан ең көп зиян шегушілердің хабарын берейін бе? Олар істеген әрекет-еңбектері дүние өмірінде-ақ жоқ болып кеткен, бірақ өздерін көркем, игі амал істеп жатқандармыз,-деп есептейтіндер!» (18:103-105).**

Ислам - бұл бейбітшілік, ынтымақ, бауырмалдық және мейірімділіктің діні. Бұнда тәкаппарлық пен шектен шығушылыққа жол берілмейді.

Құранда Аллаһ тағала өзі айтады:

**«Аллаһ сендерге жеңілдікті қалайды, сендерге ауыр болуын қаламайды» (2:185),**

басқа бір аятта былай дейді:

**«Аллаһ сендерді бірер қиыншылыққа салуды қаламайды, бірақ сендерді тазалауды және сендерге Өзінің нығметін толық қылып беруді қалайды. Әрине шүкіршілік етерсіңдер» (5:6).**

Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Әбу Хурайра (Аллаһ оны рахметіне алсын) былай

## Діндегі шектен шығушылық пен асыра сілтеудің алдын алуға бағытталған бірнеше әдістері.

- Діни сананы жоғары дәрежеге көтеру және ақиқи Ислам ілімін кеңінен насихаттау, дінге қатысты немқұрайлылық пен сыңаржақ түсініктерді жою. Сондай-ақ, Ислам ілімі қоғам арасында өте жеңіл, әрі Ислам әлеміне ортақ қағидалар арқылы үйретілуі тиіс. Және нақты белгіленген бағдарламалар мен білімді ұстаздар арқылы үйретілуі тиіс. Қазіргі таңда Исламды және оның қиын мәселелерін түсінуді кім, қандай мақсатта таратып жатқандығы белгісіз, сонымен қатар «ю-тубтағы» және басқа да сайттардағы күдікті бес минуттық бейнебаян (видео) мен үнтаспалардан (аудиоролик) үйрену әдісін байқауға болады. Мұндай әдістерден үйренгеннен гөрі, Ислам білімін толық игергісі келетін адамдар міндетті түрде араб тілін үйренуі және діннің негізі болып табылатын әдебиеттерді оқуы керек.

- Жалпы қоғам болып, діндегі жұмсақтық пен діни төзімділікті насихаттау. Бұл әдіс (методика) өте тиімді, әрі жылдам әсер етеді. Діндегі шектен шығушылық пен асыра-сілтеушілікті болдырмаудың тағы бір жолы ел арасында Құран және Сүннетте айтылған діндегі жеңілдік, жұмсақтық, адамдар арасында мейрімді болу, бауырмашылдық, ата-анаға құрмет секілді ақпараттарды көптеп насихаттап, тарату.

- Жергілікті жамағатқа бағынып, олармен бірге болу, алауыздық пен бүлікке (фитнаға) жол бермеу. Абзалында Ислам - ынтымақ пен бірліктің діні.

- Шектен шығушылықтың қауіптілігін және оның салдарларын ашып көрсете отырып, жұмсақ болуға, қарапайымдылыққа шақыру.

- Дінде асыра сілтеушілікпен айналысып жүрген

Дінде шектен шығушылық оның бүкіл салаларынан, тараулары мен ғылымдарынан көрінуі мүмкін. Кез-келген шекарадан шығудың соңы, жойылып кетуге әкеліп соқтырады.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

**«Шектен шыққандар жойылды!»** (Муслим<sup>6</sup>), - деп үш рет қайталағаны жайында Ибн Масғуд (Аллаһ одан разы болсын) жеткізеді. Тақи әд-Дин ибн Таймия аталмыш хадисті ашықтай отырып, былай деген: «Бұл сөз сенімде (*Итиқад*), сол сияқты амалда да (*Аъмаль*) барлық шектен шығушылыққа қатысты жалпылама айтылған».

Қазіргі таңда діндегі асыра сілтеушілік пен шектен шығушылық барлық жерде көрініс табуда. Соның ішінде сенім мәселесіндегі шектен шығушылық қоғамда өте қарқынды белең алып отыр:

- *Күпірлік және көпқұдайшылдықпен айыптау (такфир, мүшірік);*
- *Ақиқатты иемдену («тек мен ақиқаттамын қалғандары адасқан», -деген түсінікте болу);*
- *Ауыр күнә адамды діннен шығаратындығына сендіру;*
- *Ұлы Жаратушымызды жаратылғандарға (мақлұқ) ұқсату, жаратылғандардың сипатымен сипаттау;*
- *«Біздің» ақидамызда болмағанның артынан құлшылық жасамау, қате түсінік;*
- *Басшылыққа қарсы шығуға шақыру;*
- *Бүкіл үмбет мойындаған және мақталған ғалымдарды, дінсіздік пен адасушылықта деп айыптау;*

---

<sup>6</sup>Сахих Муслим-2670

- *Бүкіл әлем ғалымдарының ортақ пікірін (иджма) жоққа шығару;*
- *Өз-өзін жару тұрғысында жалған ақталулар;*
- *Жазықсыз қантөгістер мен алауыздықты, бүлікті (фитна) тарату т.б.*

Жоғарыда аталған шектен шығушылықты, тарихта өткен көптеген сыңаржақты ағымдар өз сенімдерінде қолданған. Мысалға айтатын болсақ: харижилер, мұғтазилер, хабашилер, «хиджра және тақфир», «хизб әт-тахрир» жамағаттары. Аллаһтың Елшісі, оның сахабалары, сондай-ақ Ислам ғұламаларының өздері, бұл шектен шығушылық пен адасушылықтарды терең түсіндіріп, олардың дінде орны жоқ екендігін дәлелдеп, тыйым салған. Бұлардың әрқайсысын теріске шығарғанын сүннет жолын ұстанған ғалымдардың ақида турасында жазылған еңбектерінен көруге болады.

Ал, енді амалдағы шектен шығушылық пен асыра сілтеуге келетін болсақ, ол мүлде қазіргі таңның індетіне айналып отыр. Бүгінгі күні көптеген мұсылман бауырларымыздың түсінігінде үкімдер (*хукм*) екіге бөлінеді; – фарз – міндет, қалдыруға мүлде болмайды және харам – тыйым, оған тіпті жоламаған абзал деген түсінікте. Ал, кейбір өлшемдерді жалпы шарифаттың тәртібі ретінде қарастырмайды. Мысалы: *макруһ* – әдепсіз әрекетті олар харамға жатқызады, сүннет және мүстәхаб амалдарын фарз деп түсінеді. Өкінішке орай көптеген діни ағымдар мәндубты – сүннет, сүннетті – фарз, *макруһты* – харам деп түсінетін болды, бұл шарифи үкімдер қағидасының бұзылуы болып табылады.

Діндегі тағы бір өте қауіпті шектен шығушылық ол – жекелеген ижтиһаттарға негізделе отырып шығарылған үкімдерді нас (*қайнардан алынған айқын дәлел*) деп қабылдау.

«Олардың» ижтиһады бойынша амал жасамағандарды

Бұл жайында Құранда былай баян етіледі:

**«Өз нәпсісін өзіне Тәңір етіп алғандарды көрдің бе?!»** (25:43).

Білімге емес нәпсісіне еріп үкім шығарумен айналысу, нағыз шектен шығушылық, осы себепті қазіргі таңда көптеген адамдар адасуда.

Ұлы Аллаһтың айтқаны секілді:

**«Қалауыңа ілесіп кетпегің! керісінше жағдайда, ол сені Аллаһтың жолынан адастырады»** (38:26).

Жаратушы Иеміз тағы бір аятта былай дейді:

**«Аллаһ жағынан тура жолға салынбаған күйде өз нәпсісінің қалауына ергендерден де жолдан адасқан кім бар?»** (28:50).

Сонымен қатар Ислам ілімінде белгілі бір орны болмаған надандар нәпсісіне еріп, өздері ғана адаспай басқаларды да тура жолдан тайдыруда.

Аллаһ тағала айтады:

**«Күдіксіз, көпшілігі өз нәпсі қалауларымен, білместен жолдан адастырады»** (5:119).

Бұл еңбекте шектен шығушылық пен асыра-сілтеудің ғалымдар айтқан ең өзектілері ғана беріліп отыр. Бұдан басқа қоғамдық, психологиялық және адамның жеке тұлға болып қалыптасуын тежейтін, кері әсер ететін көптеген түрлері бар. Олар туралы арнайы жазылған әдебиеттерден табуға болады.

## **Ғалымдар діндегі шектен шығушылық пен асыра сілтеудің бірнеше себептерін көрсетеді.**

- *Надандық, дінді және оның ғылымын өте төмен деңгейде түсіну, қадірін түсіру, жеккөрінішті етіп көрсету.*

*Міне, осы ең кең тараған шектен шығушылықтың бір себебі;*

- *Діндегі негізгі қағидаларды ескерместен оңды-солды үкімдер мен пәтуаларды бере беретін, пәтуа беруге ешқандай рұқсаты болмаған, жалған ғалымдардың көптеп шығуы, сондай-ақ басқаларды кінәлау арқылы өздерін мойындату,*

- *Өз ынтасы мен құлшылығын артық көру арқылы, басқаларды менсінбеу және тәкапарлануға жол беру,*

- *Белгілі бір кітаптар мен авторлардан басқаларды қабылдаудан шектеу, өздеріне тиесілі түсінікті ғана қабылдап, осы түсініктің сыртындағыларды айыптау. Шын мәнінде Ислам тарихында өткен ғұламалардың барлығы дерлік ілімде өте кең көзқараста болған. Міне, осыған нәпсіні жеңуші (Инсаф) деп атайды;*

- *Сенім бостандығын шектеу,*

- *Нәпсісіне еру.*

айыптайды, оларға адасушы немесе дінге жаңалық әкелушілер (*бигатишы*) ретінде қарайды.

Дінде шектен шығушылық пен асыра сілтеудің тағы бір түрі ол – қандай да бір мәселеде үкім шығаруға асығу. Өкініштісі, аталған мәселеде үкім шығаруға құқығы болмай тұрып, онымен айналысу.

Қазіргі күнде қоғамда бірнеше минут ішінде телефон (ұялы байланыс) немесе интернет (ғаламтор) арқылы ғалымдардың дайын пәтуаларын беру әдісі белең алып жүр. Ол берілген пәтуалар аз уақыт ішінде ел арасында апатты жағдайларда көрініс тауып келеді.

Осы мәселеге қатысты Ибн әл-Қаййим былай жазады:

***«Кімде-кім тек кітапта болғаны үшін пәтуә беретін болса, мәселенің жағдайына, уақыты мен орнына, ол жердің ерекшеліктері мен мәдениетін ескермесе, ол адам өзі адасады және жұртты да адастырды. Дәл осындай іспен айналысқан және дінге қарсы келген мүфти барлық адамзатты бір ғана кітапты басшылыққа алып, тұрғылықты жері мен жағдайына, оның қызуы мен әдеттерін тексерместен емдеген дәрігерден де асқан қылмыскер болып саналады»<sup>7</sup>.***

Әділ халифалардың бірі болған Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ одан разы болсын) қандай да бір мәселелермен өзіне келген адамдарға асығыс шешім шығарудан қорқып, әділ шешімін беру үшін Бадр соғысына қатысқандардың барлығын жинайтын болған.

Бұл хақында Омардың өзі не айтқанын әл-Бұхари жеткізеді:

***«Ей, адамдар! Дінде өз беттеріңмен пікірлеуден сақтаныңдар...»<sup>8</sup>.***

<sup>7</sup>Қараңыз. Иғлям әл-Мукиғин Раббил-ғаламин - 3/89

<sup>8</sup>Әл-Бұхари – 1134, 2731, Әбу Яғла, әт-Табарани т.б.

Ал, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары үкім беру мен шешім шығарудан аулақ тұруға тырысқанын айтпағанда, айналасындағы адамдардың сұрақтарына жауап беруден қашқақтағанын жиі көреміз. Әбу әл-Минхалының сөзін Муслим былай жеткізеді: бір күні адамдар Зейд ибн Арқамадан «сарф» туралы сұрағанда ол былай жауап берді: «Әл-Бар ибн әл-Азибтен сұраңдар». Дәл осы мәселені барып әл-Бардан сұрағанда ол да: «Зейдтен сұрасаңдар дұрыс болады» деді. Міне, алтын ғасырда өмір сүрген ғалымдардың мысалы осындай.

Енді, амалдағы шектен шығушылық пен асыра сілтеуге келетін болсақ, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылық құлшылығы кезінде (*Джамаратта*) шайтанға тас лақтыру кезінде де шектен шығушылыққа жол берілмейтіні жайында баяндайды. Лақтыруға арналған тастардың екі бармақпен ұстайтындай көлемде болуын бұйырған.

Ибн Аббастан жеткізілген хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үшінші бағанаға тас лақтырудан алдын оған былай деді:

**«Барып мен үшін тас жинап кел».**

Ол екі саусағымен ұстап лақтыратын көлемде тас жинап келді. Жиналған тастарды оның қолына берген уақытта, ол былай дегенді: **«Міне осындай»** осы сөзді үш рет қайталап тұрып, жалғастырды:

**«Дінде шектен шығушылыққа ұрындан аулақ болыңдар, себебі сендерден алдыңғылар осы үшін жойылып кеткен болатын»**<sup>9</sup>.

Сонымен қатар, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игі -

<sup>9</sup>Ахмед – 1/215, ән-Насаи – 3057-59, Ибн Мәжә 3029, әл-Хаким – 1/466, Хадистің саихтығын растаған әл-Хаким, Ибн Хузайма, аз-Зәхаби, ән-Науауи т.б.

лігі мен сәлемі болсын) былай деді:

**«Құран оқыңдар, бірақ онда шектен шықпаңдар, оған немқұрайлы да қарамаңдар»**<sup>10</sup>.

Әнастың (Аллаһ одан разы болсын) сөзінен жеткен бір хадисте Имам әл-Бұхари былай дейді, бірде пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының арасында шектен шығушылардың барын байқады. Оқиға былай еді. Пайғамбарымыздың әйелдерінің үйіне (*оның үйіне деген мағынаны береді*) үш адам келіп, пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құлшылығы туралы сұрады. Пайғамбардың ғибадаты жайында хабар алған олар қайран қалып, бұл соншалық көп амалдар емес қой десті. **«Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдағы кезде жіберіп алуы мүмкін деген және бұрын жасалған қателіктері кешірілген болса да осынша амал қылатын, олай болса бізге одан да көп құлшылық жасауға тура келеді деп түсінді».**

Содан соң олардың бірі тұрып: **«Ал, мен болсам, түні бойы ұйықтамай құлшылық жасаймын»**, – деді. Екіншісі: **«Мен үнемі оразада боламын»**, – деді. Үшінші адам: **«Ал, мен болсам, әйелдерден ұзақта болып, ешқашан үйленбеймін»**, – деді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біраз уақыттан кейін оларға келіп сұрады:

**«Сендер ма тамақтан, әйелден және ұйқыдан бас тартқан? Аллаһтың атымен ант етемін, мен сендерден артығырақ Аллаһтан қорқып, Одан үрейленемін, бірақ мен кей күндері ораза ұстаймын, ал кей күні ұстамаймын, мен құлшылық жасаймын да (түнде) ұйықтаймын, сондай-ақ әйелдермен некелесемін, ал кім де кім менің сүннетімді (жүруді) қаламаса оның маған еш қатысы жоқ»**<sup>11</sup>.

<sup>10</sup>Ахмед – 3/428

<sup>11</sup>Әл-Бұхари – кітаб ән-никах 69-1743 және 5063